

Екінші деңгейдегі банктердің жарғылық және меншікті капиталдарының ең аз мөлшері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 2 маусым N 190 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 20 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1580. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007 жылғы 30 қарашадағы N 257 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007.11.30. N 257 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және олардың депозиторларының мүддесін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Жаңадан құрылатын банктер үшін жарғылық капиталдың ең аз мөлшері 1.500.000.000 (бір миллиард бес жүз миллион) теңге сомасында белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын тұрғын үй құрылыс жинақ банкі үшін 500.000.000 (бес жүз миллион) теңге мөлшерінде жарғылық капиталдың ең аз мөлшері белгіленсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 118 , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің 2006 жылғы 12 тамыздағы N 158 қ а у л ы л а р ы м е н .

2. 2001 жылдың 1 тамызынан бастап меншікті капиталдың ең аз мөлшері:

1) банктік және басқа операциялар жүргізуге Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган лицензиясы бар банктер үшін 1.000.000.000 (бір миллиард) теңге сомасында;

2) аймақтық (Астана және Алматы қалаларынан тыс жерге орналасқан) банктер, Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын тұрғын үй құрылыс жинақ банкі үшін 500.000.000 (бес жүз миллион) теңге сомасында белгіленсін.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 16 сәуірдегі N 118 қаулысымен , ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 304 қаулысымен .

3. Барлық банктер үшін меншікті капиталдың ең аз мөлшері мынадай шекте

б е л г і л е н с і н :

1) банкте бір филиал болған жағдайда - 1.000.000.000 (бір миллиард) теңге;

2) банкте бірден астам филиал болған жағдайда - 1.000.000.000 (бір миллиард)
теңге әрі оған қоса:

облыс орталығында, сондай-ақ Алматы және Астана қалаларында орналасқан
әрбір филиал үшін - 30.000.000 (отыз миллион) теңге;

басқа қалаларда орналасқан әрбір есеп айырысу-касса бөлімі (жинақ кассасы)
үшін - 10.000.000 (он миллион) теңге;

басқа елді мекендерде орналасқан әрбір есеп айырысу-касса бөлімі (жинақ
кассасы) үшін - 5.000.000 (бес миллион) теңге.

*Ескерту: 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР
Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 4 шілдедегі N 220 , ҚР Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының
2006 жылғы 12 тамыздағы N 158 қаулыларымен.*

3-1. Екінші деңгейдегі банктер 2004 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде өз
қызметін осы қаулының 3-тармағына сәйкес келтірсін.

*Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2003 жылғы 4 шілдедегі N 220 қаулысымен .*

4. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде
мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне
енгізілсін .

5. Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан
Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу
ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден
өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан
Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктеріне және аумақтық
ф и л и а л д а р ы н а ж і б е р с і н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық
Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т.Жанкелдинге жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы